

Қазақстан Республикасының Мемлекеттік стандарттар қорын қалыптастыру мен дамытудың тұжырымдамасы туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы 1997 жылғы 7 тамыздағы N 1229. Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 2005.12.08. N 1209 қаулысымен.

Стандарттаудың мемлекеттік жүйесін жетілдіру, экономика салаларындағы ғылыми-техникалық прогресті және Қазақстан Республикасының дүниежүзілік ақпараттық кеңістікке, тауарлар мен қызмет көрсетулер рыногына кіруін жеделдету мақсатында Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. Қоса беріліп отырған Қазақстан Республикасының Мемлекеттік стандарттар қорын қалыптастыру мен дамытудың тұжырымдамасы бекітілсін.
2. Қазақстан Республикасы Экономика және сауда министрлігінің Стандарттау, метрология және сертификаттау жөніндегі агенттігі 1997 жылдың 1 қыркүйегіне дейін Қазақстан Республикасының Үкіметіне Қазақстан Республикасының Мемлекеттік стандарттар қорын құру жөнінде ұсыныс енгізісін.
3. Қазақстан Республикасының министрліктері, мемлекеттік комитеттері, өзге де орталық атқарушы органдары 1998 жылдың 1 қаңтарына дейін экспортталатын өнімдер бойынша Қазақстан Республикасы экономикасының салаларындағы стандарттау, метрология және сертификаттау мәселелері жөніндегі қажетті ақпараттық базалар мен деректер банкін құру жөнінде ұсыныс дайындасын және оны Қазақстан Республикасы Экономика және сауда министрлігінің Стандарттау, метрология және сертификаттау агенттігіне ұсынсын.

Қазақстан Республикасының

Премьер-Министрі

Қазақстан Республикасы
Үкіметінің
1997 жылғы 7 тамыздағы
N 1229 қаулысымен
бекітілген

Қазақстан Республикасының Мемлекеттік стандарттар қорын қалыптастыру мен дамытудың тұжырымдамасы

Алматы, 1997

КІРІСПЕ

Қазақстан Республикасының Мемлекеттік стандарттар қорын қалыптастыру мен дамытудың тұжырымдамасы Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1996 жылғы 13 желтоқсандағы N 1533 қаулысымен бекітілген Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1997 жылға арналған реформаларды тереңдету жөніндегі жоспарына сәйкес дайындалған және "Стандарттау және сертификаттау туралы" Қазақстан Республикасы заңының ережелерін, "Қазақстан Республикасының ғылыми-техникалық саясатын жүзеге асырудың ақпараттық инфрақұрылымын құру" туралы республикалық мақсатты ғылыми-техникалық бағдарламаны, Мемлекетаралық ақпараттық кеңістікті қалыптастырудың тұжырымдамасын жүзеге асыруға бағытталған.

Тұжырымдамада Қазақстан экономикасының талаптары мен 1997 жылдан 2000 жылға дейінгі кезеңге арналған сыртқы-сауда әріптестігін кеңейтуге жауап беретін Қазақстан Республикасының Мемлекеттік стандарттар қорын (бұдан әрі - Мемлекеттік стандарттар қоры) қалыптастырудан және дамытудың негізгі бағыттарын айқындауға арналған көзқарастар жүйесін білдіреді.

Мемлекеттік стандарттар қорын қалыптастыру мен дамыту стандарттар мен стандарттау жөніндегі нормативтік құжаттарда ресми қабылданған және белгіленген нормалар мен ұғымдарға еркін қол жеткізуді қамтамасыз етуге және шетелдермен саудада техникалық кедергілерді алуға мүмкіндік беретіндіктен Қазақстан Республикасының әлеуметтік-экономикалық және ғылыми-техникалық дамуы үшін стратегиялық жағынан маңызды болып т а б ы л а д ы .

Халықаралық рынокқа кіру және Қазақстанның күтіліп отырған Бүкілдүниежүзілік сауда ұйымына (БСҰ) кіруі жағдайында республиканың барлық қорларын бірыңғай біртұтас біріктіретін және тарифтар мен БСҰ сауда жасаудың Бас келісімінің (оның ішінде Қазақстан Республикасының мемлекеттік стандарттары мен өнімдердің халықаралық нормалар мен талаптарға сәйкес келуін бағалау мен рәсімін үйлестіру, сондай-ақ ақпараттық орталық құру тұрғысында) талаптарына жауап беретін Мемлекеттік стандарттар қорын қалыптастыру және дамыту проблемасына бірінші кезекті көңіл бөлінуі тиіс.

Мемлекеттік стандарттар қорының қазіргі кездегі жай-күйі

Қазақстан Республикасындағы қазіргі Мемлекеттік стандарттар қоры өнімдерге, жұмыстарға және қызмет көрсетулерге қатысты нормаларды, ережелердің және сипаттамалардың көп мәрте қолданылуы үшін белгіленген стандарттау, метрология және сертификаттау жөніндегі құжаттардың ж и ы н т ы ғ ы н қ а м т и д ы .

Қазақстан Республикасының Экономика және сауда министрлігі, Стандарттау , метрология және сертификаттау жөніндегі агенттігінің (бұдан әрі -

Мемстандарт), оның құрылымдық бөлімшелерінің, республика министрліктерінің, мемлекеттік комитеттерінің, өзге де орталық атқарушы органдарының, заңды тұлғаларының базасында құрылатын ақпараттық қорлар Мемлекеттік стандарттар қорының құрамдас бөліктері болып табылады.

1997 жылғы 1 мамырдағы жай-күйі бойынша Мемлекеттік стандарттар қорында 70000-нан астам стандарттар мен стандарттау жөніндегі нормативтік құжаттар бар және өзінің құрамында Қазақстан Республикасының мемлекетаралық стандарттарын, мемлекеттік стандарттарын және техникалық шарттарын, стандарттау, метрология және сертификаттау жөніндегі ережелер мен басшы құжаттарды, техникалық-экономикалық және әлеуметтік ақпараттардың жіктеушілерін, санитарлық нормалар мен ережелерді (САН, ПиН, СН), құрылыс нормалары мен ережелерін (ҚНЖЕ), фармакопиялық баптар мен уақытша фармакопиялық баптарды; халықаралық ұйымдардың - ISO стандарттау жөніндегі халықаралық ұйымдардың, Халықаралық электротехникалық комиссияның - ХЭК, Заң метрологиясы халықаралық ұйымының - ЗМХҰ стандарттарын шетелдердің (Ресейдің, Беларусьтің, Украинаның, Қырғызстанның, Тәжікстанның, Өзбекстанның, Түркменстанның) ұлттық стандарттарын қамтиды.

Стандарттар қоры мемлекетаралық стандарттармен, ISO және ЗМХҰ халықаралық стандарттармен, Достастық елдерінің ұлттық стандарттарымен мерзімді түрде толықтырылып отырылады.

Сонымен бірге бұрынғы Одақта болған ақпараттық қорлар құрылымының қайта ұйымдастырылуына, Республика экономикасының салаларындағы қайта құруларға байланысты стандарттардың республикалық ақпараттық қорларының құрылымында да министрліктердегі, комитеттердегі және ұйымдардағы бірқатар қорларды тартуға, олардың құрамын қысқартуға, жұмыстың көрсеткіштерін төмендетуге әкеп соқтырған айтарлықтай өзгерістер болды.

Соның нәтижесінде республика қорларының үлкен бөлігі бүгінде қадағаланбайды және жаңартылған жоқ, берілетін құжаттар олардың мәтініндегі өзгерістер туралы ақпаратты қамтымайды; стандарттар мен стандарттау жөніндегі басқа да құжаттарды сілтемелер мен каталогтарды уақытында шығару және тарату қамтамасыз етілмейді. Қорларды өңдеу, жүргізу және ақпараттарды тұтынушыларға қызмет көрсету процестері автоматтандырылмаған. Республикада әзірленген мемлекеттік стандарттардың саны мен сапасының үнемі төмендеу тенденциясы байқалуда. Халықаралық талаптары бар қолданылып жүрген 18 000 мемлекетаралық стандарттардың 1500 стандарты, Қазақстан Республикасының 416 мемлекеттік стандарттың - бірен-сараны ғана үйлестірілген.

Республикада қолданылып жүрген, жұмыс істеп тұрған стандарттар қорының

2/3-нің 40 000-нан астамы Қазақстан Республикасы Үкіметінің шешімдеріне сәйкес тоқтатылуға және қайта қаралуға жатады.

Бүгінгі күні ISO, ЗМХҰ халықаралық стандарттарын алатын республиканың жалғыз стандарттар қорының - Мемстандарт қорының қажетті алаңы, аудармашылар, бағдарламашылар, дизайнерлер, көбейткіштер, компьютерлік және ұйымдастыру техникасы штаттары жоқ.

Республикалық Мемлекеттік стандарттар қорының халықаралық ұйымдардың стандарттарымен қамтамасыз етілуі: ISO, ХЭК және ЗМХҰ 50%-ке жуықты; Ресей Федерациясы 60%, Украина 80%-ке жуықты; ТМД басқа мемлекеттері 5%-тен 20%-ке дейінгіні құрайды. Қорларда басқа халықаралық ұйымдардың стандарттары, әлемнің өнеркәсіптік дамыған елдерінің: Австрияның, Бельгияның, Ұлыбританияның, АҚШ-тің, Канаданың, Францияның, Германияның, Жапонияның ұлттық стандарттары іс жүзінде жоқ.

Республиканың қорларында жүргізілетін бірыңғай ұйымдастыру-әдістемелік басшылық пен жұмыстарды үйлестіру жоқ, экономиканың салаларында қажетті стандарттау, метрология және сертификаттау жөніндегі базалар мен деректер банкін құру жөніндегі жұмыстар баяу қарқынмен жүргізілуде.

Мемлекеттік стандарттар қорын қалыптастыру мен дамытудың негізгі мақсаттары, міндеттері

Мемлекеттік стандарттар қорын қалыптастыру мен дамыту жөніндегі жұмыстардың басты мақсаты жалпыұлттық мүдделер ескеріле отырып, өзара тиімді негізде, Мемлекеттік стандарттар қорын қалыптастыруға қатысушы республиканың барлық құрылымдық бөлімшелерінің өзара іс-қимылын қамтамасыз ету болып табылады.

Мұндай мүдделердің қатарында:

Мемлекеттік стандарттар қорының жұмыстарына бірыңғай ұйымдастыру-әдістемелік басшылықты қамтамасыз ету;

Мемлекеттік стандарттар қорының құжаттары мен ақпараттарын пайдалану саласында өзара тиімді ынтымақтастыққа жағдай жасау;

ғылымның, техниканың, өндірістік, мәдениеттің, білімнің дамуына жәрдем көрсету ;

халықаралық ынтымақтастықты кеңейту;

ашық ақпараттар мен ғылыми-техникалық прогрестің жетістіктеріне, қоғамның практикалық қызметінің нәтижелеріне еркін қол жеткізілуін қамтамасыз ету ;

өнімдердің, процестердің, жұмыстардың және қызмет көрсетулердің сапасын жақсартуға ықпал ету ;

халықаралық стандарттардың негізінде стандарттау, метрология және сертификаттау саласында стандарттау, метрология, сертификаттау және ақпараттық қамтамасыз ету жүйелерін; стандарттар қоры мен жұмыс процестерін механикаландыруды және автоматтандыруды жетілдіру аталуы мүмкін.

Бірыңғай Мемлекеттік стандарттар қорын қалыптастыруға мүдделі республиканың бөлімшелерінің бірлескен күш-жігерімен шешілуі тиіс бірқатар м і н д е т т е р б а р :

Мемлекеттік стандарттар қорының ұйымдық құрылымы мен құрамын а й қ ы н д а у ;

Қазақстанда Бүкілдүниежүзілік сауда ұйымының талаптарына жауап беретін а қ п а р а т т ы қ о р т а л ы қ құ р у ;

Мемлекеттік стандарттар қорының ақпараттары мен құжаттарына қол жеткізудің тетігін әзірлеу және бекіту;

Мемлекеттік стандарттар қоры құрылымдық бөлімшелерінің жұмысына бірыңғай ыңғайларды көздейтін нормативтік құжаттарды әзірлеу және қабылдау;

бұрын құрылған Мемлекеттік стандарттар қорын пайдалану жөнінде бірлескен шараларды жүзеге асыру;

халықаралық стандарттарды қолданудың негізінде құжаттар қорын қалыптастыру, Қазақстан Республикасында қолданылатын стандарттар бойынша деректердің біртұтас компьютерлік базасын құру.

Мемлекеттік стандарттар қорын қалыптастыру мен дамытудың негізгі принциптері

Мемлекеттік стандарттар қорын қалыптастыру мынадай негізгі принциптер:

Мемлекеттік стандарттар қоры құрылымдық бөлімшелерінің қызметтің бекітілген бағыттарына сәйкес өздерінің тәуелсіз қорларын қалыптастыруға арналған құқықтарын сақтау;

Бүкілдүниежүзілік сауда ұйымының тарифтер және сауда жөніндегі Бас келісімнің (ГАТТ/ВТО) талаптарын және шетелдермен сауда-экономикалық ынтымақтастықты кеңейтуге мүдделілікті сақтау;

Мемлекеттік стандарттар қорын қалыптастыру және дамыту, оның ішінде стандарттарды өңдеу, жүргізу және тарату мәселелерінде бірыңғай саясат жү р г і з у ;

Мемлекеттік стандарттар қоры құрылымдық бөлімшелерінің арасында өзара іс-қимылды қамтамасыз етудің және олардың арасындағы функцияларды шектеудің келісілген саясатын жүргізу;

Мемлекеттік стандарттар қорының қызмет көрсетулері мен құжаттарына арналған баға белгілеуді реттеу мәселесіне келісілген адамдарды пысықтау; қызметтің бекітілген бағыттары бойынша ақпараттар мен құжаттамаларды

т а р а т у

қ ұ қ ы ғ ы н

т а н у ;

ақпараттар мен құжаттамаларды Мемлекеттік стандарттар қорының жұмысын үйлестіруді жүзеге асыратын органға интеграциялау ескеріле отырып жүзеге асырылуы тиіс.

Мемлекеттік стандарттар қорының құрамы және оған қойылатын талаптар

Мемлекеттік стандарттар қоры қойылған міндеттерді орындауды қамтамасыз етуі тиіс. Құжаттардың құрамы:

стандарттау, метрология және сертификаттау саласындағы Қазақстан Республикасының нормативтік актілерінің, мемлекеттік тізілімдерінің, ережелері мен ұсынымдарының;

мемлекетаралық және мемлекеттік стандарттардың (мемлекеттік стандарттар жобаларының), техникалық-экономикалық ақпараттардың, стандарттау жөніндегі ережелер мен ұсынымдардың, өнімге және қызмет көрсетулерге арналған техникалық шарттардың мемлекеттік жіктеушілерінің;

стандарттау, метрология және сертификаттау саласындағы халықаралық шарттардың, халықаралық ұйымдардың стандарттауы, шетелдіктердің стандарттары бойынша стандарттардың, ережелердің, нормалардың және ұсынымдардың болуын көздеуі тиіс.

Министрліктер, мемлекеттік комитеттер, өзге де орталық басқару органдары өздерінің құзыретінің шегінде, республикада белгіленген тәртіппен стандарттау, метрология және сертификаттау жөніндегі басқа да құжаттарды (санитарлық нормалар мен ережелерді, санитарлық және құрылыс нормаларын, фармакопиялық баптарды) Мемлекеттік стандарттар қорының құрамына енгізе және өз ақпарат орталықтарын жинақтай алады.

Мемлекеттік стандарттар қорының сапалық құрамы мен мүмкіндіктері:

пайдаланушылардың көп шеңбері үшін қол жетімділігін;

республиканың өнеркәсібі мен экономикасының, оның ішінде сапа саласында өнімдер мен қызмет көрсетулердің нақты түрлерін жүргізетін дүниежүзі елдерінің халықаралық, ұлттық мүдделеріне жауап беретін стандарттардың құрамы бойынша оңтайлылығы және оның болуын;

өзектілігін, дәлдігін, арнайы құрылған қорғау жүйелері жолымен рұқсат етілмеген қол жеткізуден қорғалуын;

қажетті техникалық жабдықталуы мен жаракталуын, эстетикалық ресімделуін, стандарттар қорын орналастыруға және сақтауға арналған бөлмелердің болуын;

экономиканың салаларын бағдарламалық қамтамасыз ету талаптарына сәйкес

республикада қолданылатын стандарттардың тұрғысында анықтама-іздігіру аппаратының, деректердің жиынтық базаларының, деректердің бөлінген базалары мен банктерінің;

ғылыми-техникалық бағдарламаларды әзірлеу, ғылыми-зерттеу жүргізу кезінде, өнімдер мен қызмет көрсетулерді әзірлеу және өндіру кезінде және қоғам қызметінің басқа да салаларында ең жоғары тиімділікпен жұмыс істеуді;

шетелдік стандарттар мен құжаттарды орыс және қазақ тілдеріне аудару мүмкіндігінің болуын қамтамасыз етуі тиіс.

Мемлекеттік стандарттар қоры тапсырысшылардың қажеттерін қамтамасыз ету үшін ұсынушылардың барлық түрлерінде оның ішінде қағаз, электрондық, микроұсынушылардың, қалыптасуы тиіс.

Мемлекеттік стандарттар қорының ұйымдық құрылымы

Ұйымдық құрылым мемлекеттік стандарттар қорын қалыптастыруға қатысатын республиканың құрылымдық бөлімшелерінің ортақ мақсатты мүдделерді және міндеттерді жүзеге асыру бағытталған келісілген жұмысын қамтамасыз етуі тиіс.

Мемлекеттік стандарттар қорының жұмысын дұрыс ұйымдастыруы үшін Мемлекеттік стандарттар қорының мынадай құрылымы ұсынылады:

Стандарттар мен стандарттық үлгілердің мемлекеттік ақпараттық орталығы - уәкілетті органы Мемстандарт болатын мемлекеттік кәсіпорындар;

Ақпараттық технологиялар саласындағы стандарттау жөніндегі техникалық комитет;

Мемстандарттың мемлекеттік кәсіпорындарының қорлары; министрліктердің, мемлекеттік комитеттердің, өзге де орталық атқарушы органдардың және өнімдердің, жұмыстардың және қызмет көрсетулердің қауіпсіздігіне мемлекеттік қадағалауды жүзеге асыратын органдардың, оның ішінде: Қазақстан Республикасы Экология және биоресурстар министрлігінің, Денсаулық сақтау министрлігінің, Энергетика және табиғи ресурстар министрлігінің (Мемэнергоқадағалау), Ішкі істер министрлігінің (Мемлекеттік жол қозғалысы қауіпсіздігі қызметі) Қазақстан Республикасының Төтенше жағдайлар жөніндегі мемлекеттік комитетінің (Мемлекеттік өртке қарсы қызмет, Мемлекеттік төтенше жағдайларды, өнеркәсіпте жұмысты қауіпсіз жүргізуді қадағалау және тау-кен қадағалау жөніндегі қызмет) Қазақстан Республикасының Экономика және сауда министрлігі Құрылыс және сәулет-қала құрылысын бақылау агенттігінің мамандандырылған қорлары;

Қазақ республикалық ғылыми-техникалық кітапханасының (ҚазРҒТК) стандарттар қоры.

Мемлекеттік стандарттар қорының құрамына кіретін республиканың ақпараттық орталықтары мен қорлары өзінің қызметін, оның ішінде қорларды жинақтау және жүргізу, ақпараттар мен құжаттамаларды тарату, бекітілген ережелерге сәйкес стандарттау, метрология және сертификаттау салаларында деректердің нақты базалары мен банктерін қалыптастыру жөніндегі олардың алдында тұрған міндеттер мен қызметтерінің бекітілген бағыттарына сәйкес жүзеге асыруы тиіс.

"Стандарттау және сертификаттау туралы" Қазақстан Республикасының қолданылып жүрген Заңына сәйкес стандарттау, метрология және сертификаттау жөніндегі нормативтік құжаттардың Мемлекеттік қорын құру және оны жүргізу жөніндегі жұмыстарды ұйымдастыру Мемстандартқа тапсырылды. Мемстандарттар мен стандарттық үлгілердің Мемлекеттік ақпарат орталығы арқылы Мемлекеттік стандарттар қоры бөлімшелерінің жұмыстарына жалпы ұйымдастыру-әдістемелік басшылықты жүзеге асыратын; дүниежүзінің шет елдерінің мемлекеттік, халықаралық, ұлттық стандарттарын; стандарттау, метрология және сертификаттау салаларында заң актілерін, ережелерді және ұсынымдарды; техникалық-экономикалық ақпараттардың жіктеушілерін жүргізетін; республикада қолданылатын стандарттар мен құжаттар бойынша деректердің жиынтық анықтама-библиографиялық базасын қалыптастыратын және жүргізетін; Бүкілдүниежүзілік сауда ұйымы талаптарының шеңберінде жұмыстарды орындайтын; ақпараттар мен құжаттамаларға тапсырыс берушілерге қызмет көрсететін; стандарттардың ақпараттық көрсеткіштерін қалыптастыратын, стандарттар мен құжаттардың, көрсеткіштердің аталған санаттарын шығаратын және тарататын болады.

Өнімдердің, жұмыстардың және қызмет көрсетулердің қауіпсіздігі жөніндегі арнаулы құжаттардың: санитарлық нормалар мен ережелердің (СН, САН, ПИН), медициналық-биологиялық талаптардың, мал дәрігерлік ережелердің, құрылыс нормалары мен ережелерінің (СН, ҚНЖЕ), фармакопиялық баптардың (құжаттар қорын қалыптастыру, оларды өңдеу, жүргізу, тапсырысшыларды анықтамалық ақпараттармен, көрсеткіштермен және құжаттамалармен қамтамасыз ету жөніндегі жұмыстарды қоса алғанда) қорларын қалыптастыруды заңдармен өздерінің құзыретіне кіретін өнімдердің, жұмыстардың және қызмет көрсетулердің номенклатураларына сәйкес өнімдердің, жұмыстардың және қызмет көрсетулердің, қоршаған ортаның қауіпсіздігіне қатысты нормалар мен ережелер қабылдау жөніндегі функциялар жүктелген мемлекеттік басқару органдары жүзеге асыратын болады.

Республика министрліктерінің, мемлекеттік комитеттерінің, өзге де орталық атқарушы органдарының арнаулы қорлары олар әзірленген стандарттармен және құжаттармен, сондай-ақ оларға бекітілген, оның ішінде жұмыстарды жүргізу,

өнімдер шығару жөніндегі қызметпен өзара байланысты стандарттармен және құжаттармен жинақталуы тиіс.

Мемлекеттік стандарттар қорының сыртқы ұйымдармен өзара іс-қимылының принциптерін әзірлеуді Мемлекеттік стандарттар қорының кеңесі жүзеге асырады. Кеңестің құрамына өнімнің, жұмыстардың және қызмет көрсетулердің қауіпсіздігі жөніндегі мемлекеттік органдардың, Қазақстан Республикасының Экономика және сауда министрлігі Құрылыс және сәулет-қала құрылысын бақылау агенттігінің республиканың басқа да мүдделі министрліктерінің мемлекеттік комитеттерінің және өзге де орталық атқарушы органдарының мамандары кіреді.

Ақпараттық технологиялар саласындағы стандарттау жөніндегі техникалық комитет стандарттау, метрология және сертификаттау салаларында ақпараттық қамтамасыз ету жүйелерін құру, енгізу және жетілдіру мәселелерімен айналысатын болады.

Мемлекеттік стандарттар қорының нормативтік құқықтық базасы

Мемлекеттік стандарттар қорының нормативтік құқықтық базасы қорларды құру, жинақтау, өңдеу жүргізу, жою, сақтау, деректердің базалары мен банктерін (республикада қолданылатын стандарттар деректерінің жиынтық базасын қоса алғанда; құжаттардың Мемлекеттік стандарттар қорына жатқызу; Мемлекеттік стандарттар қорының ішіндегі және сыртқы ұйымдармен өзара іс-қимылының принциптерін айқындау жөніндегі жүргізілетін жұмыстардың, тапсырысшылар мен жұмыс істеудің ұйымдық-техникалық бірлігін қамтамасыз етуі тиіс.

Осы мақсатта стандарттау жөнінде бірқатар ережелер мен нормативтік құжаттар әзірленетін, "Қазақстан Республикасында ғылыми-техникалық ақпарат туралы", "Қазақстан Республикасындағы ақпарат туралы", "Стандарттау және сертификаттау туралы" Қазақстан Республикасы Заңдарының әзірленетін жобаларына өзгерістер енгізілетін (қажет болғанда) болады.

Одан басқа кейін қажетті нормативтік құжаттарды әзірлеу арқылы есептеу техникалары құралдарын, қазіргі заманғы ақпараттық технологияларды қолданудың және олардың проблемаларының негізінде стандарттау, метрология және сертификаттау салаларында ақпараттық қамтамасыз етудің автоматтандырылған жүйелерін құруға және енгізуге байланысты бірқатар мәселелер пысықталатын болады.

Мемлекеттік стандарттар қорының халықаралық ынтымақтастығы мен оны қалыптастырудың көздері

Мемлекеттік стандарттар қоры Қазақстан Республикасының мемлекеттік стандарттарымен, ТМД мемлекеттерінің және дүниежүзінің дамыған елдерінің мемлекетаралық, халықаралық, ұлттық стандарттарымен жинақталуы және ұдайы толықтырылуы тиіс.

Бұл жұмыстарды жүргізу үшін:
заңдарда белгіленген тәртіппен Мемстандарттың Қазақстан Республикасы үшін мүдделі елдердің Стандарттау жөніндегі ұлттық органдарымен екіжақты шарттар (келісімдер) жасауы;

Белгіленген тәртіппен Қазақстан Республикасының стандарттау және заң шығару метрологиясы (ЗМХҰ) жөніндегі халықаралық ұйымдардағы (ISO), Дүниежүзілік денсаулық сақтау ұйымындағы (ДДҰ), тұрақты мүшелігін және оның Электротехникалық өнімдерді стандарттау жөніндегі халықаралық ұйымға (ХЭК) кіруі жөнінде шаралар қабылдауды қамтамасыз ету;

Стандарттау, метрология және сертификаттау жөніндегі мемлекетаралық кеңестің, Ислам мемлекеттерінің стандарттау және техникалық нормалау жөніндегі мемлекетаралық ғылыми-техникалық комиссияның жұмысына, сондай-ақ стандарттау жөніндегі халықаралық және мемлекетаралық техникалық комитеттердің жұмысына қолдау көрсету және қатысу жоспарлануда.

Мемлекеттік стандарттар қорын қажетті стандарттармен толық жинақтау үшін республика экономикасының салаларымен келісім бойынша ұлттық стандарттары Қазақстан Республикасының мүддесін білдіретін дүниежүзі елдерінің тізбесі айқындалатын болады.

Ақпараттық қамтамасыз ету жүйесі

Мемлекеттік стандарттар қорын қалыптастыру және дамыту стандарттау, метрология және сертификаттау саласында ақпараттық қамтамасыз ету жөніндегі жұмыстарды одан әрі жетілдіруді қажет етеді.

Ақпараттық қамтамасыз ету жүйесі құжаттар қорларын өңдеу және жүргізу, тапсырысшыларға қызмет көрсету процестерін механикаландыруға және автоматтандыруға бағытталуы тиіс.

Жүйені құрудың негізгі принциптері:
пайдаланушыларды қамтамасыз етудің жеделдігі;
тақырыптық және аймақтық қамтудың кешенділігі;
меншіктің әртүрлі нысандарындағы кәсіпорындар мен ұйымдардан кері байланысты қамтамасыз ету;

жүйені бөлінген деректер банкінің негізінде интеграциялық құру және модульдік дамыту;

ұйымдастыру-әдістемелік бірлік;
елдің аймақтарын қамтуды ескере отырып қазіргі кездегі
телекоммуникациялық құралдар;
жүйе буындарының техникалық және бағдарламалық сыйымдылығы;
жаңа ақпараттық ресурстардың қосылуы үшін ашықтық;
қайталаушы буындардың болмауы;
пайдаланушылардың кең шеңбері үшін қол жеткізілетін интерфейс құру
б о л у ы т и і с .

Жүйені құруға Мемлекеттік стандарттар қоры негіз болуға тиіс.

Ақпараттық жүйе мыналарды қамтамасыз етуге тиіс:
ақпаратты және құжаттаманы құжаттар, телекестер, магнит таспалар,
микрофильмдер арқылы жедел тарату және алу;
ақпарат пен стандарттарды жинау, беру және ұсыну мәселелерінде жаңа
ақпараттық технологияларды қолдану;
тапсырысшыларға қол жеткізудің барлық қазіргі заманғы режимдерде қызмет
к ө р с е т у ;

отандық және шетелдік пайдаланушылардың кез келген мұқтажын
қамтамасыз ете алатын экономика салаларының талаптарына (заттық, нөмірлеу,
библиографиялық, толық мәтіндік, фактографиялық, терминологиялық,
сертификатталған өнім, сертификаттау жөніндегі тіркелген органдар мен
лабораториялар, өнімнің әртүрлі тарапының сапа және қауіпсіздігіне қойылатын
міндетті түп нұсқалары әзірлеушілер мен ұстаушылар туралы) шаққандағы
бағдарламалық қамтамасыз етілген электрондық базалар мен деректер банкін
қ ұ р у ;

Мемстандарттың арнайы журналын басып шығару арқылы
баспалық-насихаттау қызметін жетілдіру, Мемстандарттың бюллетенін,
жарнамалық және ақпараттық бюллетеньдерді стандарттардың нұсқамалары мен
каталогтарын жариялау нысандарын жетілдіру, мүдделі пайдаланушылар үшін
а қ п а р а т к ү н д е р і н ө т к і з у ;

телекоммуникациялық арналар бойынша, оның ішінде ИСОНЕТ
халықаралық ақпарат желісі, американдық - ИНТЕРНЕТ арқылы шетелдік
деректер базалары мен банктеріне қол жеткізу мәселелерін шешу;

халықаралық ақпарат кеңістігіне және ТМД елдері кеңістігіне кіруге,
стандарттау жөніндегі халықаралық, ұлттық ақпарат қорларымен ТМД елдерінің
қорларымен өзара іс-қимылға жәрдемдесу;

Қазақстан Республикасының стандарттау, метрология және сертификаттау
саласындағы ішкі ақпарат кеңістігін ақпарат алмасудың ақпараттық желілерін
құру арқылы қалыптастыру.

Мемлекеттік стандарттау жүйесін жетілдіру

Мемлекеттік стандарттар қорын дамыту және оның құрамын толықтыру стандарттау, метрология және сертификаттау жөніндегі жұмыстарды дамыту мен жетілдіруді, оның ішінде қажетті нормативтік құжаттаманы әзірлеуді көздейді.

Таяудағы жылдарға арналған стандарттау жөніндегі жұмыстарды жетілдірудің негізгі бағыттарының ішінде мыналар болуға тиіс:

халықаралық стандарттар мен дүниежүзінің өнеркәсіптік дамыған елдерінің ұлттық стандарттарын қолдану және мемлекеттік стандарттарды халықаралық нормалармен және талаптармен үйлестіру;

өнімнің қауіпсіздігі саласында заң шығару және нормативтік базаны әзірлеу;

басымдықтарды өнімнің, жұмыстар мен қызмет көрсетулердің қауіпсіздік нормаларын, терминологияны, өнімдердің жіктемесін, өнімнің сапасын қабылдау мен бақылау ережелерін, өнімге таңба салуға, оны буып-түюге, тасымалдау мен сақтауға қойылатын талаптарды реттейтін мемлекеттік стандарттарды әзірлеуге

қ а р а й к ө ш і р у ;

денсаулық сақтау өнімінің сапасы мен қауіпсіздігін стандарттау; бұрғылау және шикізат өндіру процестерін қоса алғанда, мұнай-газ саласы; қоршаған ортаны қорғау және табиғатты пайдалану саласындағы экологиялық қауіпсіздік бойынша және экономиканың бүгінде олар болмай тұрған басқа да маңызды салалары бойынша стандарттар мен нормативтік құжаттар кешенін құру;

денсаулық сақтау (дәрілік заттар, дәрі-дәрмек, медициналық техника), еңбек қауіпсіздігі және білім беру ("Стандарттау және оқу орындары") саласындағы, бидай және бидай өнімдері, ет және ет өнімдері, қару-жарақ бойынша, ақпараттық технологиялар, өлшем құралдары, көлік құралдары бойынша стандарттау жөніндегі техникалық комитеттерді құру.

Мемлекеттік стандарттар қорын қалыптастыру мен дамыту кезеңдері

Мемлекеттік стандарттар қорын қалыптастыру мен дамыту қордың барлық қатысушыларының нормативтік және құқықтық мәселелердің, ұйымдастырушылық және қаржы проблемаларының кең ауқымын мемлекеттік деңгейде және республиканың нақты құрылымдық бөлімшелері деңгейінде шешу барысында күш-жігерін үйлестіруін талап ететін үлкен де күрделі мәселе болып т а б ы л а д ы .

Тұжырымдаманы екі кезеңге бөліп іске асыру көзделіп отыр.

Бірінші кезеңде 1997-1998 жылдары мыналарға қатысты құқықтық, техникалық және ұйымдастырушылық мәселелерді пысықтау жүргізіледі:

Мемлекеттік стандарттар қорын қалыптастыру және дамыту. Мұнда Мемлекеттік стандарттар қорының нақты құрылымы мен құрамы, оны құру мен пайдаланудың тәртібі, оның құрылымдық бөлімшелері мен сыртқы ұйымдардың арасындағы өзара іс-қимылдың принциптері мен нысандары айқындалады;

Дүниежүзілік сауда ұйымының талаптарына сай келетін Мемлекеттік ақпарат орталығын құру ;

стандарттарды басып шығару мен тарату үшін баспахана құру;

Мемлекеттік стандарттар қорының Кеңесін құру, оның функциялары мен құрылымын айқындау ;

Мемлекеттік стандарттар қорымен жұмыс жүргізудің бірыңғай тәртібін регламенттейтін құжаттар пакетін әзірлеуді бастау;

стандарттау, метрология және сертификаттау мәселелері бойынша деректердің бөлінген базалары мен банктерін құру.

Екінші кезеңде 1998-2000 жылдары мыналар жоспарланып отыр:

Мемлекеттік стандарттар қорымен жұмыс жүргізудің бірыңғай тәртібін регламенттейтін құжаттар пакетін әзірлеуді аяқтау;

Қазақстанның Халықаралық электр-техникалық комиссияға кіруі және шетелдермен ақпарат және стандарттар алмасу жөнінде шарттар жасасу мәселелерін пысықтау ;

құжаттар қорын өңдеу, жүргізу және сақтау процестерін және тапсырысшыларға қызмет көрсетуді механикаландыру мен автоматтандыру, ақпараттық қамтамасыз етудің автоматтандырылған жүйесін құру жөніндегі жұмыстарды бастау ;

республикада стандарттау және ақпараттық технологиялар саласындағы ақпарат проблемалары жөніндегі техникалық комитет құру туралы мәселені пысықтау ;

республикада қолданылатын стандарттар мен нормативтік құқықтарға шаққандағы жиынтық анықтамалық-библиографиялық деректер базасын қалыптастыру жөніндегі жұмыстарды бастау;

Қазақстанның Стандарттау жөніндегі халықаралық ұйымының ИСОНЕТ ақпарат жүйесіне мүше болып кіруі мәселелерін пысықтау;

Ұлттық стандарттары Қазақстан Республикасы үшін қызығушылық танытатын дүниежүзі елдерінің тізбесін айқындау.

Қолданылып жүрген стандарттардың сапалық құрамын оларды халықаралық нормалармен және талаптармен үйлестіру негізінде жетілдіру және стандарттау жөніндегі техникалық комитеттер құру жөніндегі жұмыстар белгіленген тәртіппен жүргізіледі.

Мемлекеттік стандарттар қорын дамытуды қаржыландыру көздері

Мүдделі ұйымдардың қаражаты, сондай-ақ қолданылып жүрген заңдарға қайшы келмейтін басқа да көздер Мемлекеттік стандарттар қорын қалыптастыру мен дамытуды қаржыландыру көздері болып табылады.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК